

**Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің мемлекеттік материалдық
резервтің материалдық құндылықтарын шығару (жаңарту және броньнан
шығару тәртібімен) жөніндегі тендерлік комиссия отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы
Янушкевич көшесі, 2

01.03.2018
сағ.10:57

Тендерлік комиссия құрамы: С.К. Сабырбаева – Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті (бұдан әрі – ММРК) төрағасының орынбасары, тендерлік комиссияның төрағасы;

Комиссия мүшелері: Б. Ә. Орынбеков – ММРК төрағасының орынбасары, тендерлік комиссия төрағасының орынбасары; Б.Қ. Ахметов – ММРК Жұмылдыру резервін есепке алу және бақылау басқармасының басшысы, Д.Н. Дүйсекенова - ММРК Заң басқармасының басшысы, М.Ж. Әжіғұлова - ММРК Экономика және қаржы басқармасының басшысы, М.Н. Рахаев - ММРК Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және шығару басқармасының басшысы, М.М. Исмаилова - ММРК Мемлекеттік резервті есепке алу және бақылау басқармасы басшысының м.а., А.С. Бекенов - ММРК «Резерв» РМК Бас директоры, Д.Е. Абуева – ММРК Мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру және шығару басқармасының сарапшысы, тендерлік комиссиясының хатшысы.

(Қатыспаған: Н.М. Иманбаев - ММРК Мемлекеттік резервті есепке алу және бақылау басқармасының басшысы іссапарда, 2018 жылғы 31 қаңтардағы 2-і бұйрығы).

Күн тәртібі:

1. Мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесіндегі №30-38, №39-49, №237-267, №268-322, №410, №411-448, №636, №637, №638, №639 лоттар бойынша кесімді бағасын Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 17 қазандағы № 1108 қаулысымен бекітілген Жаңарту және броньнан шығару тәртібімен мемлекеттік материалдық резервтен материалдық құндылықтарды шығару қағидаларының 41,42-тармақтарына сәйкес кезең-кезеңімен 10 % төмендету (бұдан әрі – Қағидалар)

2. 2018 жылғы 24 қаңтардағы хаттамамен бекітілген мемлекеттік материалдық резервінің материалдық құндылықтарын сатып алу-сату келісім-шарт жобасын қайта қарастыру.

Тендерлік комиссия күн тәртібі бойынша сұрақтарды қарастырып, нәтижесінде ашық дауыс беру арқылы **ШЕШТІ:**

Handwritten signatures and initials:
RA uz ...

1. Қағидалардың 41,42 тармақтарына сәйкес №30-38, №39-49, №237-267, №268-322, №410, №411-448, №636, №637, №638, №639 лоттар бойынша материалдық құндылықтардың кесімді бағасы 10 % төмендетілсін.

Осы аталған шешімге:

тендерлік комиссияның 8 мүшесі - «қолдаймын»,

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын» деп дауыс берді.

2. Енгізілген өзгерістерді ескере отырып, мемлекеттік материалдық резервінің материалдық құндылықтарын сатып алу-сату келісім-шарт жобасы бекітілсін.

Осы шешімге:

тендерлік комиссияның 8 мүшесі - «қолдаймын»;

тендерлік комиссияның 0 мүшесі - «қарсымын» деп дауыс берді.

2018 жылғы 01 наурыздағы өзгерістерді есепке ала отырып 2018 жылы шығаруға жататын жаңарту және броньнан шығарылған мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесі тендер ұйымдастырушының ғаламтор-қорында (www.kgmr.gov.kz) жариялансын.

Тендерлік комиссия отырысында бейне жазба жүргізілді (қоса берілді).

Тендерлік комиссия отырысы 2018 жылғы 01 наурызда сағат 11.33-те аяқталды деп есептелсін.

Қосымша:

1. 2018 жылғы 01 наурыздағы өзгерістерді есепке ала отырып 2018 жылы шығаруға жататын жаңарту және броньнан шығарылған мемлекеттік резервтің материалдық құндылықтарының тізбесі, _____ парақта.

2. Сатып алу-сату келісім шарт жобасы _____ парақта.

Комиссия төрағасы:

Сабырбаева С.К.

Комиссия мүшелері:

Орынбеков Б.Ә.

Ахметов Б. Қ.

Дүйсекенова Д.Н.

Рахаев М.Н.

Әжіғұлова М.Ж.

Исмаилова М.М.

Бекенов А.С. .

Комиссия хатшысы:

Абуева Д.Е.


















